

**"Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 наурыздағы № 276 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 мамырдағы № 470 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.05.2014 № 470 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 50, 626-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген отандық әлеуетті өнім берушілерден сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) номенклатурасында:

2 - т а р м а қ т а :

39) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«39) жылжымалы өрт сөндіру техникасы және арнайы өрт сөндіру автомобильдері;»;

мынадай мазмұндағы 41), 42), 43), 44) және 45) тармақшалармен толықтырылсын:

«41) су себетін және жуатын машиналар;

42) вакуумды машиналар;

43) қоқыс тасығыштар;

44) доңғалақты тракторлар;

45) трансформаторлар.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
С. Ахметов*